

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Балабақша - барлық тәрбиелік мен білімнің ең алғашқы баспалдағы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
21.08.2024СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/161669/>**Ержан Айжан Ержанқызы**

Алматы қаласы білім басқармасы Әуезов ауданына қарасты ЖШС «Lion garden» балабақшасының меңгерушісі.

Жаңа заман баласы - ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені, осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. Балабақшада балаларға білім беру, тәрбиелеуде барлық жағдай қарастырылған. Сондықтан, осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады. Балабақшаның барлық қызметкерлері үшін бастысы - балалар. Олар әр түрлі балалар, қызықты күлкілі, ақылды және олардың қасында балаларды білетін, әрқайсысының жүрегінің кілтін таба алатын мақсатты, жігерлі тәрбиешілер бар. Өйткені елдің ертеңгі тірегі - балдырғандырымыз. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда тәрбиешілер қауымына үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Бала тәрбиесі - баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу, ол - заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.